

Нұрғалиев Қ.Т.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kazntukanat@mail.ru

ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТ КОНЦЕПЦИЯСЫН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақалада мемлекет пен биліктің, қоғамның өркениеттік дамуының қазіргі заманғы концепциялары қарастырылады. Автордың философиялық талдаулары аталған мәселеге оның көзқарастарын толықтай жеткізеді. Автор алға тартып, теориялық тұрғыдан жан-жақты талдап отырған қазіргі заманғы өркениет концепциясы мақаланың маңыздылығын білдіреді. Қазіргі өркениет концепциясына философиялық талдау жасау барысында белгілі болғандай, автордың ойынша, қазіргі заманғы демократиялық даму – қоғамның әлеуметтік дамуының негізі болып табылады. Автор қолданған салыстырмалы ғылыми-теориялық зерттеу әдістері қазіргі заманғы өркениет концепциясын философиялық талдаудың маңыздылығын ашып береді. Мақалада автор қоғамды жаңғыртудың негізгі шарты ретінде қоғамның ашықтығы мен оны жедел ақпараттандыруды, қоғам дамуында мәдениеттің атқаратын ролін, жаңа әлеуметтік серпіндерді халықтың игеруін және экономиканың динамикалық дамуын атайды.

Мақала теориялық жағынан да, практикалық жағынан да өте құнды әрі қызықты. Автордың философиялық талдауларының нәтижелерін қазіргі өркениет дамуының философиялық бағытын айқындауда, Қазақстан қоғамында күнделікті туындап жатқан көптеген әлеуметтік, рухани және практикалық мәселелерді шешу барысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: эксперимент, гегомония, формация, өркениет, компонент, жаһандану, интеграл, өркендеу, секуляризация, десакрализация, гравитация.

Nurgaliev K.T.

Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail:kazntukanat@mail.ru.

Philosophical analysis of the concept of modern civilization

This article discusses modern philosophical concepts of civilization development of society, state and power. The actuality of the article is attempt of the author for substation his own idea of the modern civilization conception based on such famous philosopher's as Berdyaev, Sorokin, Toinby, Shumpeter, Reisner and many other scientists. As follows from the philosophical analysis of this concept idea, the basis of progressive social developmen is a modern democratic society. The methods of scientific and theoretical comparative research, used by the author, made it possible to show the particular significance of the philosophical analysis of the concept of modern civilization. Among the main conditions for the modernization of society, according to the research, the openness of society, its operational informatisation, the dynamics of economic growth, the growing role of culture in social activities, the introduction of new social skills are.

The article could be interesting both theoretically and practically. The some results of the philosophical analysis, carried out by the author, can be used to determine the philosophical direction of the development of modern Kazakh civilization, the solution of some social, spiritual and practical issues arising in modern Kazakhstan society.

Key words: experiment, hegemony, formation, civilization, component, globalization, integral, prosperity, secularization, declarisation, gravity.

Нурғалиев К.Т.

старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kazntukanat@mail.ru

Философский анализ концепции современной цивилизации

В данной статье обсуждаются современные концепции цивилизационного развития общества и государства, власти и цивилизации. Философские взгляды автора достаточно полно отражают его точку зрения на заявленную проблематику. Актуальность статьи заключается в выдвинутой и теоретически всеобъемлюще обоснованной автором современной цивилизационной концепции. Как следует из философского анализа данной концепции, основой прогрессивного социального развития, по мнению автора, является современное демократическое общество. Методы научно-теоретического сравнительного исследования, использованные автором, позволили показать особое значение именно философского анализа концепции современной цивилизации. В числе основных условий модернизации общества, по мнению автора, – открытость общества, его оперативная информатизация, динамика роста экономики, возрастание роли культуры в общественной деятельности, внедрение новых социальных навыков.

Статья представляет определенный интерес как в теоретическом, так и в практическом плане. Результаты философского анализа, проведенного автором, могут быть использованы для определения философской направленности развития современной цивилизации, решения многих социальных, духовных и практических вопросов, возникающих в современном казахстанском обществе.

Ключевые слова: эксперимент, гегемония, формация, цивилизация, компонент, глобализация, интеграл, процветание, секуляризация, десакрализация, гравитация.

Кіріспе

Кеңестік дәуірден кейінгі жылдары ТМД елдеріндегі экономикалық қиындықтар мен эксперименттер басқа өркениет аясында қалыптасқан экономикалық модельдердің көшірмесін қабылдау әрқашан баянды бола бермейтіндігін байқатты. Батыстық гегемониядан азаттық алған қазіргі әлемдік өркениеттер өз арнасы мен даму бағыттарын айқындау үрдісін бастан кешіріп отыр. Әрине, бұл өте күрделі, қарама-қайшылыққа толы процесс. Бірақ, жалпы адамзаттық өркениеттік даму экономикалық емес факторлармен айқындалуға бағыт алды.

Өркениет және формация категорияларының тарихи логикасын Л.И. Рейснер «қарым-қатынас тәсілі» және «өндіріс тәсілі» ұғымдарының мәні мен диалектикалық өзара байланысын түсіндіре отырып өрістетеді. Марксизм классиктерінің еңбектерін талдау барысында, ол қоғамның даму деңгейі ішкі және сыртқы қарым-қатынасты қаншалықты жетілдіре алғандығына байланысты болады деген тоқтамға келеді. Л.И. Рейснердің пайымдауынша: «аталған мәселені қарастырғанда әлеуметтік қатынас механизміндегі қалалар мен қалалық жүйелердің ерекше орнын атап өтуіміз керек. Қоғам дамуының соңғы кезеңдеріндегі қалалық өмірдің алуан түрлілігі мен күрделілігі, қала ауқымы мен ел тұрғындары санындағы қалалықтар үлесі, қалалардың ауылдық аудандар мен жартылай

өркениетті халықтарға ықпал етуі, қалалардың әр түрлі әрекет салаларындағы өзара қарым-қатынасы – осының бәрі ішкі және халықаралық қарым-қатынас тәсілінің қол жеткізген жетістік деңгейінің объективті өлшемі болып табылады. Қалалар барлық еңбек бөлінісінің тарихи өзегі және қарым-қатынастың сан алуан түрлері мен формаларының генераторы болып табылады. Марксизм классиктерінің пікірінше, «қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық бүкіл өркениет тарихын қамтып жатыр» (Рейснер, 1993: 37-38).

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Мақалада өркениет концепциясын философиялық тұрғыда негіздеп ғылыми теориялық жағынан отандық, шығыстық, батыстық зерттеушілер тұжырымдамалары бағамдалды. Сонымен қатар, герменевтикалық, компаративистикалық, жүйелі талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

Өркениеттің ошақтары қалалар бола отырып, қарым-қатынас тәсілдерін жетілдіруде жетекші рөл атқарады. Яғни, өркениеттің пайда болуы мен гүлденуі қалалық өмірдің дамуына тікелей тәуелді, бұл біріншіден. Назар аударатын екінші мәселе, қоғамның әлеуметтік құрылымының стратификациялануы мен дифференциацияла-

нуы. Бұл процестер тек дамыған қалалық өмір жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Бұл көрсеткіштерге сай келмейтін қоғам жартылай өркениетті болып табылады.

Дегенмен, Л.И. Рейснердің қарым-қатынас тәсілін өркениеттілік тұрғысынан талдаудың басты объектілерінің бірі ретінде қарастыруының методологиялық маңызы зор. Олай дейтініміз, қоғамның өзінің шектеулі ауқымынан шығып, әлемдік тарихи процесс пен халықаралық қатынастың белсенді субъектісі ретінде әрекет етуі – өркениеттің мәнді сипаты. Қазіргі заманғы әлемдік өркениеттік даму қарым-қатынас тәсілдерінің жаңа формаларын дүниеге әкелді. Осыған орай, бұл қатынастардың мазмұны да өзгеріске ұшырады. Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар, «қырғи қабақ» саясат пен әлемдік ірі екі жүйенің қарсы тұруы, әскери және экономикалық басымдылықтың қарым-қатынас тәсілі ретінде өз мүмкіндігін сарқығандығын аңғартады. Әлем гуманистік мазмұнмен толыққан жаңа сападағы қарым-қатынас тәсілін қалыптастыру қажеттілігін терең сезініп отыр. Бұл қатынастар толеранттылық пен өзара құрмет, өзара көмек пен ынтымақтастық, бейбіт мәдениетті (халықаралық және өркениетаралық мәселелерді күш қолданбай шешу), көп орталықтылық принциптеріне негізделуі керек. Жалпы өркениеттік даму ағымы БҰҰ, ЕЕКҰ, ИКҰ, ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар алдына жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі таңдағы өркениеттер мазмұны мен қатынасы өндірістік тәсіл мен экономикалық әрекеттің көп түрлілігін, демократиялық және гуманистік идеялардың мәндік бірлігі мен формалық әр түрлілігін мойындау мен құрметтеу арқылы айқындалады. Егер «Рейснердің және Симонидің модеріндеу теориясына сүйенер болсақ, онда 19 ғасыр мен 20 ғасыр басы мен ортасындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік саяси өзгерістерінің табысы дәстүрлері: құндылықтарының, қазіргі заман құндылықтарымен үйлесімді синтезі арқылы түсіндіруге болады».

Л.И. Рейснер ұсынған өркениетті қарым-қатынас тәсілі тұрғысынан талдауы өркениеттің әлеуметтік қырларына тереңірек мән беруге итермелейді. Бұл ұстаным Ресей ғалымы Б.С. Ерасовтың өркениет және формация категорияларының арақатынасын әлеуметтілік феномен ретінде кең мәтінде қарастыруында жүзеге асады. Өркениеттік зерттеулердің өзектілігін ол теориялық ойдың әлеуметтік болмыс дамуының жалпы заңдылықтары мен сипатын айқындауға деген талпынысымен байланыстырады. «Өрке-

ниет сұхбаты философиялық ізденіске апарды. Философия бұл мәселені әділ шешуге және мәдениет орта қатынастарын қарастыру үшін өзіндік кеңістік пайда болады» (Рейснер, 1993: 37-38).

Тәуелсіздік алған елдердің дамуы, өзіндік айқындалу бағдарларын іздеуі ғалымдардың назарын өркениет және өркениеттік бірегейлік мәселелеріне аударды. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, өйткені, қазіргі кезде тарих сахнасының белсенді субъектілері тек жекеленген мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар өркениеттер де болып табылады. Біз жоғарыда атап өткендей, қазіргі өркениеттердің қарым-қатынасы әр түрлі басымдылық формаларына емес, серіктестік пен ынтымақтастық принциптеріне негізделетіндіктен өркениетаралық қатынастардың әлеуметтік механизмдерін қалыптастыру адамзат қауымдастығы үшін аса маңызды. Қазіргі «әлемдік өркениеттің тарихи дамуы трансформациялық кезеңдерді бастан кешіруде. Бұл даму үдерісінде тепе-теңдіктен гөрі, не басым, не кем түсіп жатқан бағыттардың алмағайып түсуі заманның шындығына айналды» (Нысанбаев 2004).

Белгілі американ әлеуметтанушысы П. Сорокин мәдени жүйелер мен әлеуметтік қауымдастықтардың өзара байланысын талдауда мәдени жүйелер мен әлеуметтік қауымдастықтар арасын ашып алу қажеттілігіне назар аударады. Себебі, көп жағдайда, әр түрлі типтегі әлеуметтік қауымдастықтар өркениет ретінде қарастырылады. П. Сорокин саны аз немесе ірі әлеуметтік бірлестіктердің жалпы мәдениетінде орталық мәдени жүйелермен қатар, бір-біріне жарым-жартылай бейтарап, жарым-жартылай қарама-қарсы, басқа да көптеген компоненттер мен идеялар, құндылықтар, нормалар, мүдделер, бағыттар жиынтығының кездесетінін алға тарта отырып, әр түрлі әлеуметтік топтар мәдениетіне мағыналық байланысты, барлық элементтерге өзара себептілік байланысын, ал тұтас жүйеге негізгі элементтермен байланысты таңа беру дұрыс емес екендігін атап көрсетеді (Меликов, Гесалов 2015). Өркениет әр түрлі мәдениеттердің қарапайым жиынтығы да, механикалық бірлігі де емес, ол терең рухани-әлеуметтік байланыстарға негізделеді. Бұл байланыстардың сипаты өркениет типтерінде әр түрлі болуы мүмкін.

«Человек. Цивилизация. Общество» атты еңбегінде, П.А. Сорокин ауқымды мәдени жүйелердің өзгеріп тұратындығын атап көрсетеді және тарихи процесте орын алған үш мәдени жүйеге сипаттама береді. Олар: идеационалдық, сезімдік

және идеалистік мәдени жүйелер. Бұл жүйелер өзіндік тұтастық немесе индивидуалдылық болып табылады.

Тарихи процесс осы ауқымды мәдени жүйелердің ауысуы арқылы жүзеге асады. Аталған үш ауқымды мәдени жүйелердің біреуі белгілі бір тарихи уақыт пен кеңістік аралығында басымдылыққа ие болады. Бірақ, оның бұл басымдылығы шексіз емес.

Бүкіл әлемдік мәселелерді шешуде философияның маңызы зор. «Ең негізгі мәселе мұнда жаһандандырудың әсері жан-жақты концептуалдық және әдіснамалық қарым-қатнасқа әсері». (Тойнби, 1995). Осы мәдени жүйелердің әрқайсысының өзіне тән басты принцип пен құндылықтары болады. Мәдени жүйенің өнері мен білімінің басты жақтары, философиясы мен діні, этикасы мен құқығы, негізгі әлеуметтік, экономикалық, саяси ұйым формалары, салт-дәстүрлері, өмір салты, менталитеті негізгі принцип пен басты құндылықтарды өз бетінше айқындайды. Интегралды мәдениеттің барлық құрамдас бөліктері бір-бірімен өзара тәуелді болып келеді, сондықтан, оның біреуінің өзгеруі қалғандарының да өзгеруіне алып келеді. Еуразиялық мәдени типтің сипаттамасы осы мәселе туралы жоғары теориялық деңгейде жазылған Н. Құрманбекованың «Шығыс пен Батыстың мәдениеті: интеграция мәселелері» атты кітабынан қарастырумен жалғастырайық. «Біріншіден еуразиялық қозғалыстың тарихи кезеңі болуы ықтимал. Екіншіден, ол екі жақты экспанция тоқтатып тұрған, су айрығы, кедергі болуы мүмкін... Үшіншіден, Еуразиялық тип батыс пен шығыстың мәдениетінің кездесу бітімі және осы сипаттама адамзаттың жалпы планеталық болашақта тұтастандырылатын мәдениеттің протатипі үлгісі бола алады» дейді (Құрманбаева, 2000).

Енді осы ауқымды мәдени жүйелерге сипаттама бере отырып, олардың қалай ауысатындығын және мәдени жүйелер трансформациясының әлеуметтік қатынастарға қалай ықпал ететіндігін пайымдап көрейік. Идеационалдық мәдени жүйенің айқын көрінісі – ортағасырлық мәдениет. Оның басты құндылығы – Құдай. Негізгі принципі – бұл дүние жалған дүние, нағыз болмыс құдайлық әлемге ғана тән. Ортағасырлық мәдениеттің барлық негізгі жақтары осы принциппен және басты құндылықпен қамтылады. Үстемдік етуші салт-дәстүрлер, өмір салты, ойлау тәсілі, ғылым мен мораль, экономика мен саясат,

өнер мен философия – осының бәрі өздерінің құдаймен бірлігін көрсетеді. Волтерсторфтың пікірінше, адам құдайға оның мейірімінен және сүйіспеншілігінен үміт ете отырып сенетіндігін айтады (Michael Rase, 2016:11-12). Сезім әлемі, қоршаған табиғи-әлеуметтік орта адам жанының уақытша тұрағы, сынақ алаңы. Адам нәпсісін шектеп, құдайлық аян мен өсиетке сай өмір кешіп, мәңгілік құдайлық әлемге (жұмаққа) еруге ұмтылады. Адамның бұл ұмтылысы діни мораль және канондалған құқық жүйесі арқылы санкцияланады. Ал Құдай адам мен дүниеден тыс тұрған, бірақ фәни болмысқа пәрменді ықпал ететін ақиқат ретінде қабылданады. Мәдени жүйенің қалыпты қызмет етуі мен әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығы негізгі принцип пен басты құндылықтың өміршеңдігіне, оларды жүзеге асыратын әлеуметтік институттардың қоғамдық ықпалы мен легитимділігіне тікелей байланысты болмақ.

Ортағасырлық мәдениеттің құлдырауының себебі, идеационалдық жүйенің ыдырауы болды. Бірақ, біз бұл жүйенің дағдарысқа ұшырауын діни принциптер мен құндылықтардың өз мүмкіндігін сарқуы ретінде қарастырмаймыз. Бұл мәдени жүйенің емес, осы мәдени жүйедегі құндылықтар мен принциптерді санкциялап тұрған әлеуметтік институттың, яғни шіркеудің дағдарысы болып табылады. Данте өзінің «Құдайылық комедиясында» діни құндылықтар мен принциптерді емес, дін қызметкерлерінің екі жүзділігі мен рухани азғындауын айыптайды. Сондықтан да, оның шығармасында адамзатты жұмаққа бастап баруға тиісті дін қызметшілері тозақтан орын алады. Ал М. Лютер өзінің атақты тезистерінде Римдік католиктік шіркеудің легитимділігіне және оның адам мен Құдай арасындағы делдалдығына күмән келтіреді. Ортағасырлық батыстық христиандық өркениеттің құлдырауы және жаңа дәуірлік батыстық секулярланған өркениеттің қанат жаюы осыдан бастау алады.

Батыс еуропалық өркениет тарихында маңызды құбылыс саналатын реформация мен Қайта өркендеу діни құндылықтарды терістеу емес, сол дәуірдегі құрылым құраушы әлеуметтік институт болып табылатын шіркеудің қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны мен маңызын, ықпалы мен беделін қайта қарастыру идеологиясы ретінде жүзеге асады. Сонымен қатар, бұл идеология адамның әлем мен әлеуметтік-мәдени жүйедегі орнын жаңа принциптер мен құндылықтар тұрғысынан айқындайды. Христиан теологиясының маңызды

догматтарының бірі – адамның Құдайдың бейнесі мен ұқсастығы Қайта өркендеу мәдениетінің идеялық арқауына айналады. Адам дәл осы рухани-шығармашылық ізденісі мен әрекетінің негізінде және нәтижесінде өзінің Құдайлық мәні мен мақсатын жүзеге асырады.

Шығармашылық жасампаздық адамның құдайлық мәнінің маңызды көрінісі. Бұл адамды күнәһар, әрі әлсіз пенде ретінде қарастырып келген шіркеулік ұстанымға қайшы келеді. Реформация мен Қайта өркендеу өкілдері адамның осы дүниелік өмірінің де маңыздылығын және оның өзіндік құндылығын гуманистік дүниетаным тұрғысынан негіздейді. Алайда, олар Құдайлық пен адамилықты, фәнилік пен бақилықты бір-біріне қарсы қоймайды, керісінше, оларды ұштастыруға талпынады. Бұл идеалистік ауқымды мәдени жүйенің қалыптасуына алып келеді.

Идеалистік мәдени жүйе шындықтың ізгі, әсем жақтарына назар аударып, оны әсірелеп суреттейді. Ол табиғаттан да, адам бойынан да үйлесімділік пен сұлулықты іздейді. Үйлесімділік пен сұлулықтың түпкі себебі – Жаратушы-Құдай деп таниды. Католиктік, христиандық теологиядағы адамның әу бастан күнәһарлығы мен шіркеудің көмегінсіз өзінің рухани ұмтылысы мен ізденісі нәтижесінде туа біткен күнәдан арыла алмауы туралы түсінікті сынай отырып, реформаторлар мен гуманистер Құдайдың адамды еркін етіп жаратқандығын, оған ақыл-парасат пен сана дарытқандығын алға тартады. М. Лютер адамның Жаратушыға деген жеке сенімінің күнәдан арылуға жеткілікті екендігін дәйектейді. Гуманистер болса, адам бойындағы шығармашылық потенциалдың құдайлық табиғатын паш етеді. Бұл жайлы Қайта өркендеу дәуірінің атақты ойшылдарының бірі Пико делла Мирандолла өзінің «Адамның абыройы туралы сөздер» еңбегінде: «Басқа жаратылғандардың бейнелері біз белгілеген заңдар шектерімен айқындалады. Ал, сен Адам, ешқандай шектермен қысылған жоқсың, сен өз бейненді өзің шешесің. Мен сені әлемде не барлығын ыңғайлы бағдарлау үшін дүниенің ортасына қоямын» (Ерасов, 1990).

Еуропалық тарихи процесте бетбұрысты кезең болған аталған екі құбылыс адамды тұтастықта, яғни тәни және жани-рухани бастаулардың ажырамас бірлігінде түсініп, бағалауға талпынды. Олар діни құндылықтарды емес, осы құндылықтарды ұстануда екі жүзділік пен абыройсыздық танытқан шіркеулік ұйымды теріске шығарды. Бірақ келесі ғасырларда

шіркеуді сынау мен терістеу жалпы дінді сынау мен терістеуге ұласты. Идеационалдық мәдени жүйе мен оның құндылықтары мен принциптері одан әрі құлдырай берді. Ал объективті шындық нақты және оның мәні сенсорлы деген ұстанымға негізделген мәдениет кең қанат жая бастады. «Тұтастанған жаһандану көшінде әр ұлт пен этностың, әр ел мен жердің, әр халық пен мемлекеттің дараланған, келбетін ерекшелік сипатын айқындауға ұмтылған саясаттың сахнада өз ролін ойнауы заңдылық. Алыс жаһандану көшінде ұлттық қабілеті мен кемелін сақтауға аманат етуге ұмтылған өркениеттер өрісінің жаңа екпіні әлеуеттенуде» (Нұрмұратов, 2000).

XVII ғасырлардан бастап менің сезім органдарым арқылы қабылданған шындықтан басқа шындық жоқ, тек осы болмыс қана, осы өмір ғана құнды деген сенімді арқау еткен сезімдік (материалистік) ауқымды мәдени жүйе басымдылыққа ие болды. Оның барлық құрамдас бөліктері осы мәдени жүйенің басты құндылықтары мен принциптерінің төңірегіне топтасады. Қазіргі кезде біз ауқымды сезімдік мәдени жүйенің дағдарысына куә болып отырмыз. Бұл мәдени жүйе дағдарысының бір көрінісі – XX ғасырда шегіне жеткен сәуегейлік мәдениет болып табылады. П.А. Сорокин осы мәдени жүйедегі өнердің дамуы туралы айта келіп: «Біздің сезімдік өнеріміздің жетістіктерімен қатар, оның бойында ыдырау мен іріп-шіру вирусы да бар. Өнер өсіп, дамығанда олар қауіпті емес. Бірақ өнер өзінің нағыз шығармашылық қуатының басым бөлігін сарқығанда, олар (вирустар – З.Қ.) белсенді бола бастайды және сезімдік өнердің жетістіктерін оның кесіріне айналдырады», – дейді. (Сорокин 1992). Автордың атап көрсеткеніндей, мұндай дағдарыс белгілері өнерде айқын көрініс бергенімен, басқа салаларды да қамтиды. «Ғылым мен философия утилитарлық мақсаттарға бой алдырады. ... Білім беру жүйесі де осындай сипатқа ие болады. Оның басты мақсаты табысты іскерлерді, қолөнершілерді, инженерлерді, саясаткерлерді, заңгерлерді, дәрігерлерді, ұстаздарды, дін қызметкерлерін дайындау. Бастауыш, орта және жоғары білім беру бір бір бағытқа бағдарланады және нақты білім мен даналықтың мақсаты – объективті шындық табиғаты мен нағыз құндылықтарды тану екендігіне көп мән бермейді» (Бердяев, 2007). Алдына таза прагматикалық мақсаттар қойған адам өзінің рухани мәнінен алыстап кетеді.

Э. Фромм айтқандай, адам нағыз мақсат пен оған жету құралдарының орнын ауыстырып,

адасады. Адамға қызмет ету үшін жасалған заттар оны өз еріктеріне бағындырады. Осылай адам заттардың құлдығына түседі, зат иелену өзіндік болмыста болудан алыстатады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік жаттану құбылысына алып келеді. Антропологиялық күйзеліс – өркениет дағдарысының негізгі симптомы. П. Сорокин өркениет болмысын қамтыған бұл күйзелісті төмендегідей сипаттайды: «Осылай сезімдік қоғам өзінің сезімдік этикасымен бірге өзінің дөрекі күшке еркін бағынуын дайындады. Өзін Құдайдан, барлық абсолюттерден, категориялық императивтерден, «азат» еткен ол зорлық пен алдаудың құрбанына айналды. Қоғам моральдық азғындаудың шегіне жетті және қазір өзінің ессіздігі үшін жапа шегіп отыр. Оның мадақтаған утилитаризмі, практицизмі және прагматикалық мақсатқа сәйкестігі нағыз пайдасыз катастрофаға айналды.

Сезімдік қоғам адамының трагедиясы да осында. Адамды барлық құдайлықтан айырған сезімдік ақыл, этика мен құқық оны барлық қасиеттілігінен (болмыстық мақсатынан – З.Қ.) айырылған электронды-протондық кешен мен рефлекторлық тетік деңгейіне дейін құлдыратып жіберді» (Шумпетер, 1911:579).

Құдайлық мән мен тылсым, қасиеттілік идеяларының тарих пен әлеуметтік өмірдің перифериясына ысырылу әлеуметтік қатынастар мен байланыстардың тұрпайылануына алып келді. Бұл байланыстар мен қатынастар функционалдық, утилитарлық – прагматикалық сипатпен шектелді. Адам өзінің дербестілігін жоғалтты, оның мәні мен маңыздылығы әлеуметтік тетіктегі орнымен айқындалатын болды.

Өкініштісі сол, өз ақылы мен парасатының парқына сеніп, дандайсыған адам дүниені өз ақылым мен парасатына сай өзгертуге қабілетті мін және солай болады да деген сағымды идеяға бой алдыруға бейім. Қайта өрлеу дәуірінде еуропалық мәдениетте белең алған бұл идея XVII-XX ғасырлар аралығында еуропалық интеллектуалдардың санасын жаулап алғаны соншалық, олар адам парасатын барлық заттың өлшемі ретінде бағалады.

Жаңа дәуірде орын алған секуляризация процесі дінді әлеуметтік өмірдің перифериясына ығыстыра бастады. Ф. Ницшенің «Құдай өлді» дегені осы аталған құбылыстың заңды көрінісі болды. Сонымен, «Құдайды өлтірген» батыс өркениеті өз болмысының сакральді бастауларынан тым алыстап кетті. Құдайдың орнына өзін қойған адам көтере алмайтын ауыр жүкті мойнына алды. Секуляризация процесінен ба-

стау алған процестер мәдениеттің десакрализациясына, яғни қасиетті мәнін жоғалтуына және рухы мен жан жылуын жоғалтқан «ызғарлы өркениеттің» орнығуына алып келді. Бұл өркениет мейірімділік пен рақымдылықты әлсіздік, осалдық ретінде бағалады. Әлемді әділеттілікпен емес, тек күшпен бағындыруға болады деген метафизикалық ұстаным саяси әлеуметтік өмірдің негізгі парадигмасына айналды. Адамды құдіреттендіру мен оған құдайдай табыну еуропалық мәдениетті орасан зор апаттарға алып келді (Рим өркениетінің құлдырауы да император культіне табынудан басталған болатын). Адам тұлғасының, тіпті ол тарих ағымы мен барысын өзгерте алса да, құдайлық заңдарды өзгерте алмайтындығына тарих куә.

Еуропалық өркениеттің тағы бір иллюзиялық идеясы секуляризацияланған прогресс идеясы. Алайда, адамгершілік пен сүйіспеншілік, мейірімділік пен қайырымдылық, ізгілік пен әділеттілік принциптеріне негізделмеген болашақ немесе прогресс идеясы толық жүзеге асады деп айту орынсыз. Н. Бердяев «Тарих мәні» еңбегінде: «Бұл messiандық және хилиастикалық идея прогресс туралы ілімде секуляризацияланды, яғни, өзінің айқын діни сипатын жоғалтып осы дүниелік, дінге қарсы сипатқа ие болды. ... Өз ұмтылыстары бойынша діни болып табылатын осы прогресс идеясының негізгі қарама-қайшылықтарын ашу үшін оған талдау жасау қажет. Прогресс туралы ілімнің күнәһарлық қарама-қайшылықтары прогрестің жүзеге аспауының ішкі шарасыздығын және гуманистік алғышарттарының жалғандығын ашып, әшкерелейді.

Шығыс пен Батыс «Мәдени құндылықтарының мәні мен маңызы бірдей екенін мәдени релятивизмнің әдістері жорамалдайды. Шығыс үшін Батыс жоқ, тек ол Батыста өркениеттің сапалы жағынан көрінеді. Шығыс өзіне деген сыйластық шарттары сияқты басқаларды да дәл осындай сыйластықтан және мойындаудан шыққан» (Назаретян, 2001). Жаңа заман уақыты гуманизмінің негізінде жатқан іргелі бастаулар адамның жүзін мәңгілікке бұрмады, олар адамды осы дүниелік бөлшектенген уақыттың тасқынына тастады. Сондықтан, олар адам өмірінің тағдырын, адамзат тарихының тағдырын дұрыс шеше алмады. Бұл гуманистік алғышарттарда, ішкі қарама-қайшылықтар мен кемшіліктер де болды. Ал олар ерте ме, кеш пе ашылуы керек еді. Осы ашылуды мен гуманизм дағдарысы немесе Ренессанс соңы деп атаймын.

Гуманистік прогреске одан әрі сенуге болмайды. Прогресс идеясы тарихтың гуманистік кезеңінің ұлы идеясы болды, прогресс иллюзиясы ХІХ ғасырды түгелімен қамтыды. Діни ақиқаттық өзегінен айырылған, дінсіз формадағы прогресс туралы ілім адам өзіне-өзі билік жүргізе алады, өз тағдырын имманентті адами күштер арқылы шешуге қабілетті және құдіретті күштер мен өмірдің құдіреттік мақсатын қажет етпейді деген негізгі гуманистік болжамды тұтас бір жүйе, бүтін бір теория деңгейіне көтеруден басқа ештеңе емес. ... Гуманизмде өз-өздігінен оң нәтижелерге алып келе алмайтын адам мүмкіндіктері ашылады, бірақ тарихтың гуманистік кезеңінен біздің алдымызда тұрған басқа, бірақ әлі белгісіз кезеңге ауысқан шағында бұл ашылымның одан арғы адамзат тағдыры үшін маңызы зор болады. Гуманистік мәдениеттің рухани өрлеуінде жаңа діни аян мүмкіндігі ашылады. Бұл кезеңнің даналығында өз рухани ұстанымдылығы (духовность) болады. ... Адам өмірінің салмақ орталығын өзге әлемге аударғанда ғана әдемілікті осы дүниеде жасауға болады. Адам осы дүниедегі сұлулыққа алдына таза осы дүниелік мақсаттар қоюы арқылы емес, осы әлем шеңберінен тыс мақсаттарды қою арқылы қол жеткізеді», – деп жазды (Гердер, 1977: 703).

XX ғасыр «Адамзат басына түскен аласапыраннан кейін бүгінгі күні жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастырудың жолдары іздестіруде. Ол үшін жалпылама мәдениет философиялық деңгейде тиімді сұхбат жүргізудің және Батыс пен Шығыстың, Азия мен Еуропаның өзара өркениеттік ықпалдастығын тиімді үлгісін жасау қажет» (Пигалиев, 1999:45).

Қорытынды

Қазіргі өркениеттің дағдарысын адам болмысындағы рухани бастаудың саркылуымен байланыстыра отырып, А.П. Назаретян: «әлеуметтік зерттеулерде антропты принцип эгоцентризм принципіне айналады. Адам әлемі оның менің дүниеге келгеніме дейін өмір сүруіне мүмкіндік беретін қасиеттерге ие, осы фактіге қарама-қарсы келмейтін концепциялар ғана назар аударып, талқылауға тұрарлық болып табылады. Біз өркениеттің осы күндерге дейін сақталып келгенін неғұрлым жақсы түсінсек, болашақтағы дағдарыстарды жеңіп шығу мүмкіндігіміз соғұрлым артады. ...Өткенде қазіргінің мүмкіндігі бар, бұл қайталанбас методологиялық бағдарға айналады: физикалық, биологиялық немесе әлеуметтік-тарихи қалыптарды толыққанды сипаттау болашақ қалыптар мен оқиғалардың орын алуына мүмкіндік беретін қасиеттерге меңзеуі тиіс», – деп атап көрсетеді (Нуржанов, 1994).

Өркениеттің қазіргі қалпын оның өткен тарихынсыз түсіну мүмкін емес. Сондықтан, өркениеттік үрдістерді зерттеуде тарихилық принципін басшылыққа алуға тиіспіз. Сонымен қатар, өркениеттің тіршілігін түсіну үшін оның тарихи уақыт пен кеңістікте орын алуын, тіршілік етуін қамтамасыз еткен факторларды айқындай білуіміз қажет. «Әлемдегі басты принцип – қарым-қатынас. Сондықтан бұл принципті бұзу, оған кедергі болу қауіпті және апатты жағдайларға әкелуі мүмкін» (Соколов, 1989: 101-105). Бұл әдіснамалық ұстаным өркениет болмысын зерттеудің координаталар жүйесі болып табылады десек артық айтпаймыз.

Әдебиеттер

- Ахметжанов К.Б. (2006) Қазақстандағы жаһандану мәселенің ықпалы Қаз ҰУ хабаршысы, №1, Алматы.
 Бердяев Н.(2007) Тарихтыңмәні // Әлемдік философиялық мұра: Жиырмамыңдық. Алматы: Жазушы.
 Белло У. (2002) Глобализация и цивилизация, дилеммы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. М.: Варианты, с. 33-349.
 Гердер И.Г. (1977) Идеи о философии истории человечества. М. Наука, с. 703.
 Ерасов Б.С. (1990) Религия и цивилизация на Востоке. М.: Наука.
 Ерасов Б.С. (1997) Социальная культурология. М., с. 202-203.
 История эстетической мысли.(1985), М.: Искусство.
 Конкина С. К. (2016) Келісім және сұхбат философиялық мәселе ретінде хабаршысы. №4 (58), Алматы.
 Культура народов Востока. (1984) М., с. 155.
 Құрманбаева Н.М.(2000) Культура Востока и Запада: проблема интеграции. Алматы, Бастау.
 Michael Pace (2016)The strength of faith and trus. Int J PhilosRelig. DOI 10.1007/s 11153-016-9611-0. Received: 29 November 2016/ Accepted: 20 December .Springer Science+Business Media Dordrecht.
 Меликов И.М. , Гесалов А.А. (2015) Культура диалога. Вопросы философии № 11, Москва.
 Молдагалеев Б.Е. (2001). Қаз ҰУ хабаршысы. №1, Алматы,. Өркениеттер тоғысындағы қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары және инновация.

- Назаретян А.П. (2001) Цивилизационные кризисы в контексте универсальной истории: Синергетика, психология и футурология. М.: ПЕРСЭ.
- Нуржанов Б.Г. (1994) Культурология: курс лекции: Алматы: Қайнар.
- Нысанбаев Ә.Н. (2 Нұрмұратов С.Е.(2000) Адамның рухани құндылықтарының қалыптасуына әлеуметтік философиялық талдау. Дисс. Автореферат. Алматы, .
- Пигалиев А.И.(1999) Культурология. Волгоград, с. 45.
- Рейснер Л.И. (1993) Цивилизация и способ общения, М. Наука, с. 37-38.
- Соколов Э.В. (1989) Понятие и сущность культуры. М., с. 101-105.
- Сорокин П.(1990) Человек. Общество. Цивилизация. М., с. 195.
- Тойнби А. (1993) Постижение историй. М., с. 71-79.
- Тойнби А.Д. (1995) Современный момент истории// цивилизация перед судом истории. Москва.
- Шумпетер Й.А. (1911) Экономическая теория развития. Австрия, с. 579.

References

- Ahmetjanov K.B. (2006). Qazaqstandaǵı jahandany мәseleniń iqpalı, Qaz UW habarşısı, N1, [The issues of Qazaqstan`s position in globalization process], Journal of Philosophy, culture and political science, Kaznu bulletin №1, Almaty.
- Berdyayev N. (2007) Tarihtyn many// Alymdyk filosofiya mura:jiurmatomdyk.[Berdyayev N.A. The meaning of history], Almaty.
- Bello U. (2002) Globalizatsiyi I sivilizatsii // Dellemu globalizatsii. Sosium I sivilizatsii I riski.[Globalization and civilization, dilemmas of globalization], Moskow: « Variant», p. 33-349.
- Gerder I.G. (1977) Idei k filosofii istorii chelovechestva. [The idias to Philosophy of history of humanity], Moskow. Nauka, p. 703.
- Erasov B.S.(1990) Culture, religion and civilization in the East. Moscow: Nauka.
- Erasov B.C. (1997) Sosialnaya kulturalogya. [Social culturalogy], Moscow, p. 202-203.
- History of aesthetic thought. (1985) Moscow: Art.
- Konkina S. K. (2016) Kelisim jane suxbat filosofiyalıq мәsele retinde xabarşısı. №4 (58), Almaty.
- Kurmanbaeva N.M. (2000) Kultura Vostoka I Zapada: problemy integracii. [Culture of the East and West: the problem of integration]. Almaty, Bastau.
- Kultura narodov Vostoka (1984) [The Culture of East nations], M., p. 155.
- Melikov I.M. , Gesalov A.A. (2015) Kultura dialoga. [Culture of dialogue]. Issues of Philosophy No. 11, Moscow.
- Michael Pace (2016) The strength of faith and trus.Int J PhilosRelig. DOI 10.1007/s 11153-016-9611-0. Received: 29 November 2016/ Accepted: 20 December .Springer Science+Business Media Dordrecht.
- Nazaretyan A.P. (2001) [Civilizational crises in the context of universal history: Synergetics, psychology and futurology]. Moscow: PERSE.
- Nisanbaev A.N.(2004) Orkeniet. Dastyr. Dil.//jahandanw jane suxbat maseleleri. Almaty.
- Nurmuratov S.E. (2000) Adamnıń ruхани qundılıqtarınıń qalıptaswına alewmettik filosofiyalıq taldaw. Diss. Avtoreferat. Almaty.
- Nurzhanov B.G.(1994) Culturology: course of lecture: Almaty: Kainar,
- Moldagaliev B.E.(2015) Qaz UW xabarşısı. №1 Almaty. Orkenietter toǵısındaǵı qazaq xalqınıń dastyrlı qundılıqtarı jane inovatsiya.
- Pigaliev I.A. . (1999) Kulturalogia. [Culturology] Volgograd, p. 45.
- Reisner L.I. (1993) Civilization and the way of communication. - Moscow: Nauka.
- Shumpeter I.A. (1911) The theory of economic development. Austria, p. 579.
- Sorokin P.(1992) Chelovek. Obshество. Civilicaziya. [The Man. Civilization. Society], Moscow: Politizdat, p.195.
- Socolov E.B. (1989) Ponyatiaisushnostkultury. M., p.101-105.
- Toinby A.(1993) Postizhenie istory. [A study of history], M., p. 71-79.
- Toynbee A.D. (1995) Modern moment istroi // civilization before the court of history. Moscow.